



Qazaqstan Respublikasy Zańnama
jáne quqqytyq aqparat institútynyń

JARSHYSY

gylymi-quqqytyq jýrnal №3 (66)-2021

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz
сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Исмагулов Қ.Е. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазинов Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қызығызстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Беттеуші – **Тасирова А.С.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы күзлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы..... 7
Р.Қ. САРПЕКОВ Зараб Ғазизұлы Қазиевті еске алу 10

Конституциялық және әкімшілік құқық

Б.Қ. НҮРҒАЗИНОВ, Е.С. ӘБІЛҒАЗИН «Қазақстан
Республикасындағы қоғамдық бақылау туралы» Заң
жобасының тұжырымдамасы және қоғамдық
бақылау нысандарын арттыру мәселелері..... 17
Ж.О. ОНЛАШЕВА Қазақстанда зайырлы мемлекет
қалыптастырудың заманауи мәселелері: Тәуелсіздік
алған 30 жылдан кейін..... 26

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

А.А. АМАНГЕЛДІ Цифрлық технологиялар
бойынша нормаларды Қазақстан Республикасының
заңнамасына енгізу 34
К.К. САБИРОВ ҚР АҚ-нің «Адал алушыдан мүлікті
талап етіп алдыру» деген 261-бабына кейбір
түсініктемелер 44
С.А. БИНТЫМАҚОВ Мекемелердің азаматтық-
құқықтық жауапкершілігіне қатысты кейбір өзекті
мәселелер 53

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

К.Х. РАХИМБЕРДИН, М.Р. ГЕТА Қазақстан
Республикасының заңнамасындағы тұрмыстық
зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың теориялық
және құқықтық аспектілері: мәселелері
мен болашағы 62

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

Р.М. АСЛАНОВ Шет елдерде ақпараттық
қауіпсіздікті қамтамасыз етуді құқықтық реттеу
(ғылыми-әдеби көздер негізінде)..... 74

Құқықтық мониторинг

Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.К. АХМЕТОВ «Жекелеген
қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау
жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
тиімділігін талдау..... 83

**Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практика-
сынан**

Б.А. ШОЛАН Заңнама тілін жетілдірудің кейбір
мәселелері 92

Жас ғалым мінбері

Е.Б. АХМЕТОВ, А.Н. ОСПАНОВА Әкімшілік рәсімдердің негізгі қағидаттарын «Қазақстан Республикасындағы заң жобалау жұмыстарын ғылыми қолдау» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу нәтижелері бойынша талдау: функциялары, жүйесі, сатылығы..... 98

Г.Д. БАЙКЕНОВА Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз атқарушы органының еңбегіне ақы және өтемақы төлеу жөніндегі даулар..... 105

М.М. САЛЫҚБАЕВА Корпоративтік заңнамадағы «компанияны басқаратын тұлға»: миф немесе шындық?..... 113

Д.С. БАТЫРБЕКОВА «Астана» халықаралық қаржы орталығының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылатын актілеріне қатысты прокурорлық қадағалаудың кейбір проблемалық мәселелері..... 120

«Жаршының» архивтегі беттері

Д.Б. АБДИЛЬДИНА Профессор Е.М. Абайділиновтің Бірыңғай экономикалық кеңістіктің қызмет етуі ауқымында қолданыстағы ұлттық құқықтың сатылары мәселелері туралы ғылыми жарияланымна қайта оралғанда 129





ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №3 (66)-2021

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – Заслуженный деятель
Казахстана (Нур-Султан, Казахстан) –
(председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Узила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LL.M (Нур-Султан,
Казахстан)
Исмагулов К.Е. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Нур-Султан,
Казахстан)
Киязова А.Ж. – LL.M (Нур-Султан,
Казахстан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменогорск,
Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Редактор – **Колтубаева Г.Б.**
Верстка – **Тасирова А.С.**
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж, 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок С, каб. 306, тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции	8
Р.К. САРПЕКОВ Памяти Зараба Газизовича Казиева	10
Конституционное и административное право	
Б.К. НУРГАЗИНОВ, Е.С. АБУЛГАЗИН Концепция проекта Закона «Об общественном контроле в Республике Казахстан» и вопросы повышения форм общественного контроля	17
Ж.О. ОНЛАШЕВА Современные проблемы формирования светского государства в Казахстане: спустя 30 лет обретения Независимости	26
Гражданское и гражданско-процессуальное право	
А.А. АМАНГЕЛЬДЫ Внедрение норм о цифровых технологиях в законодательство Республики Казахстан	34
К.К. САБИРОВ Некоторые комментарии к статье 261 ГК РК «Истребование имущества у добросовестного приобретателя»	44
С.А. ЫНТЫМАКОВ Некоторые актуальные вопросы, касающиеся гражданско-правовой ответственности учреждений	53
Уголовное право и уголовный процесс	
К.Х. РАХИМБЕРДИН, М.Р. ГЕТА Теоретические и правовые аспекты противодействия бытовому насилию в законодательстве Республики Казахстан: проблемы и перспективы	62
Международное право и сравнительное правоведение	
Р.М. АСЛАНОВ Правовое регулирование обеспечения информационной безопасности в зарубежных странах (на основе научно-литературных источников)	74
Правовой мониторинг	
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.К. АХМЕТОВ Анализ эффективности Закона Республики Казахстан «О государственном контроле за оборотом отдельных видов оружия»	83
Из практики законодотворчества на государственном языке	
Б.А. ШОЛАН Некоторые вопросы совершенствования языка законодательства	92

СОДЕРЖАНИЕ

Трибуна молодого ученого

Е.Б. АХМЕТОВ, А.Н. ОСПАНОВА Апробация результатов научного исследования на тему: «Научное обеспечение законопроектной деятельности в Республике Казахстан» по вопросам анализа основных принципов административных процедур: функции, система, иерархичность.....	98
Г.Д. БАЙКЕНОВА Споры по оплате труда и компенсационной выплаты единоличного исполнительного органа товарищества с ограниченной ответственностью.....	105
М.М. САЛЫКБАЕВА «Контролирующее компанию лицо» в корпоративном законодательстве: миф или реальность?.....	113
Д.С. БАТЫРБЕКОВА Некоторые проблемные вопросы прокурорского надзора в отношении актов Международного финансового центра «Астана», действующих на всей территории Республики Казахстан	120
Архивные страницы «Вестника»	
Д.Б. АБДИЛЬДИНА Возвращаясь к научной публикации профессора. Е.М. Абайдельдинова о вопросах иерархии действующего национального права в условиях функционирования Единого экономического пространства.....	129





Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №3 (66)-2021

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №894 from 05.30.2013)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – Honored Personality of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan) – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Murromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Malinovski V.A. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Ismagulov K.E. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – PhD (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurgazinov B. K. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Nurmagambetov R.G. – PhD (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**
Layout – **Tasirova A.S.**
Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, tel.: 8(7172)26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial	9
R.K. SARPEKOV In memory of Zarab Gazizovich Kaziev	10
Constitutional and Administrative Law	
B.K. NURGAZINOV, Y.S. ABULGAZIN The concept of the draft law «On public control in the Republic of Kazakhstan» and issues of increasing the forms of public control.....	17
ZH.O. ONLASHEVA Modern problems of the formation of a secular state in Kazakhstan: after 30 years of gaining independence	26
Civil and Civil Procedure Law	
A.A. AMANGELDY Implementation of norms on digital technologies in the legislation of the Republic of Kazakhstan.....	34
K.K. SABIROV Certain comments on article 261 of the Civil code of the Republic of Kazakhstan «Claiming from a bona fide purchaser».....	44
S.A. YNTYMAKOV Certain current legal issues concerning the civil liability of non-profit institutions	53
Criminal law and Criminal procedure	
K.KH. RAKHIMBERDIN, M.R. GETA Theoretical and legal aspects of countering domestic violence in the legislation of the Republic of Kazakhstan: problems and prospects.....	62
International law and Comparative law	
R.M. ASLANOV Legal regulation of information security in foreign countries (based on scientific and literary sources).....	74
Legal monitoring	
K.E. ISMAGULOV, Y.K. AKHMETOV Analysis of the effectiveness of the law of the Republic of Kazakhstan «On state control over the circulation of certain types of weapons».....	83
From the lawmaking practice in the official language	
B.A. SHOLAN Certain issues of the improvement of the language of legislation	92

CONTENT

Young researchers' tribune

Y.B. AKHMETOV, A.N. OSPANOVA Approbation of the results of scientific research on the topic: «Scientific support of legislative activity in the Republic of Kazakhstan» on the analysis of the basic principles of administrative procedures: functions, system, hierarchy..... 98

G.D. BAIKENOVA Disputes regarding labor payment and compensation payments of the single executive body of the limited liability company..... 105

M.M. SALYKBAYEVA «Company controlling person» in corporate legislation: myth or reality?1 113

D.S. BATYRBЕКOVA Certain problematic issues of prosecutorial supervision in relation to the acts of the International Financial Center «Astana», valid throughout the territory of the Republic of Kazakhstan 120

The archive pages of the «Bulletin»

D.B. ABDILDINA Returning to the publication of professor E.M. Abayeldinov on the hierarchy of national law in terms of the single economic space 129



МЕКЕМЕЛЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Советжан Арғынбайұлы Ынтымақов

«Сырдария» университетінің «Құқық және экономика» факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор, заң ғылымдарының кандидаты, Жетісай қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: sovetzhan156@mail.ru

Аннотация. Заңды тұлға ретінде коммерциялық емес ұйымдар азаматтық құқықтың толыққанды субъектісі болып табылады және өзінің әрекет қабілеттілігінің көлеміне сәйкес азаматтық құқықтарға ие болып, өзі үшін азаматтық міндеттер жүктеп, оларды орындай алады. Осының нәтижесінде коммерциялық емес ұйымдарда азаматтық-құқықтық жауапкершілік туындайды. Жалпы азаматтық-жауапкершілік институты кез-келген заңды тұлғаның құқықсубъектілігін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құқықтық құралдар арасында басты орындардың бірін алады деп айтуға толық негіз бар.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік институты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 20 тарауының жалпы ережелері бойынша реттеледі. Азаматтық жауапкершілік- бұл заңды жауапкершіліктің бір түрі екендігі белгілі, сондықтан да жауапкершіліктің бұл түріне құқықтық жауапкершілікке тән жалпы белгілерден басқа, өзіндік ерекшеліктер де тән. Мәселен, азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басты ерекшелігі оның мүліктік-қалпына келтіру (компенсация) сипатында болатындығында және де келтірілген зиян мен жауапкершілік көлемінің шамалас болуымен сипатталады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік - борышкер үшін тиімсіз салдар тудыратын мүліктік сипаттағы құқықтық ықпал ету шарасы болып танылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің өзекті мәселелері кеңестік кезеңнің де, қазіргі заманның да көптеген жетекші ғалымдарының назарында болып, айтарлықтай жан-жақты зерттелген тақырыптардың бірі деп айтуға болады. Дегенмен, уақыт өте келе осы салада іргелі зерттеулердің болғанына қарамастан азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің, соның ішінде заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі мәселелері өзекті сипатқа ие бола бастады, олар негізінен құқық қолдану процесінде де едәуір проблемалар туындатып жатқаны мәлім.

Осы айтылғандар, әрине бұл тақырыптың өзектілігін айқындайтын маңызды факторлар болып табылады. Мақалада Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына сәйкес коммерциялық емес ұйым болып табылатын мекеменің шарттық міндеттемелері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне қатысты кейбір өзекті құқықтық-теориялық мәселелер сараланған. Мақалада сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар жүйесіндегі мекемелердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің негізгі үрдістері мен кейбір құқықтық мәселелерді шешу жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: заңды тұлға, мекеме, оралымды басқару құқығы, азаматтық-құқықтық жауапкершілік, міндеттеме, міндеттемені орындау, міндеттемені бұзғандығы үшін жауапкершілік, ақшалай жауапкершілік, коммерциялық емес ұйым, коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайы.

НЕКОТОРЫЕ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ, КАСАЮЩИЕСЯ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ УЧРЕЖДЕНИЙ

Ынтымақов Советжан Арғынбаевич

Декан факультета «Права и экономики» Университета «Сырдарья», ассоциированный профессор, кандидат юридических наук, г. Жетісай, Республика Казахстан, e-mail: sovetzhan156@mail.ru

Аннотация. Как юридическое лицо, некоммерческая организация является полноправным субъектом гражданского права, и в соответствии с объемом своей дееспособности, она может приобретать гражданские права, возлагать на себя гражданские обязанности и самостоятельно выполнять их. В результате этого у некоммерческой организации возникает гражданско-правовая ответственность. Следует отметить, что институт гражданско-правовой ответственности занимает одно из главных мест среди правовых инструментов, обеспечивающих эффективное осуществление правосубъектности любого юридического лица.

В настоящее время институт гражданско-правовой ответственности регулируется общими положениями главы 20 Гражданского кодекса Республики Казахстан. Известно, что гражданская ответственность - это форма юридической ответственности, поэтому для данного вида ответственности, помимо общих признаков, присущих юридической ответственности, характерны и свои особенности. Так, отличительная особенность гражданско-правовой ответственности заключается в том, что она носит имущественно-восстановительный (компенсационный) характер и характеризуется соразмерностью причиненного вреда и размера ответственности.

Вместе с тем гражданско-правовая ответственность признается мерой правового воздействия имущественного характера, создающей для должника невыгодные и нежелательные последствия.

Вопросы гражданско-правовой ответственности юридических лиц находятся в центре внимания многих ведущих ученых как советского периода, так и современности, и являются одними из наиболее всесторонне изученных. Тем не менее, с течением времени, несмотря на наличие фундаментальных исследований в данной области, вопросы гражданско-правовой ответственности юридических лиц, приобретают все более актуальный характер, что вызывает значительные проблемы, особенно в сфере правоприменительной практики.

Сказанное, безусловно, является важным фактором, определяющим актуальность данной темы. В статье проанализированы некоторые актуальные теоретические и правовые вопросы гражданско-правовой ответственности учреждения по своим договорным обязательствам в соответствии с действующим гражданским законодательством Республики Казахстан. В статье также рассматриваются основные тенденции гражданско-правовой ответственности учреждений в системе некоммерческих организаций и пути решения некоторых правовых проблем.

Ключевые слова: юридическое лицо, учреждение, право оперативного управления, гражданско-правовая ответственность, обязательство, исполнение обязательства, ответственность за нарушение обязательства, денежная ответственность, некоммерческая организация, правовое положение некоммерческих организаций.

CERTAIN CURRENT LEGAL ISSUES CONCERNING THE CIVIL LIABILITY OF NON-PROFIT INSTITUTIONS

Yntymakov Sovetzhn Argynbaiulu

Dean of the Faculty of Law and Economics of «Syrdarya» University,
associate professor; Candidate of Law, Zhetisay,
Republic of Kazakhstan, e-mail: sovetzhan156@mail.ru

Abstract. As a legal entity, a non-profit organization is a full-fledged subject of civil law and, in accordance with the scope of their legal capacity, they can acquire civil rights, assume civil duties and independently perform them. As a result, a non-profit organization has a civil liability. It should be noted that the institution of civil liability occupies one of the main places among the legal instruments that ensure the effective implementation of the legal personality of any legal entity.

Currently, the institution of civil liability is regulated by the general provisions of Chapter 20 of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan. It is known that civil liability is a form of legal liability, so this type of liability, in addition to the general features inherent in legal liability, has its own characteristics. Thus, a distinctive feature of civil liability is that it has a property-restorative (compensatory) nature and is characterized by the proportionality of the damage caused and the amount of liability.

At the same time, civil liability is recognized as a measure of legal influence of a property nature that creates unfavorable and undesirable consequences for the debtor.

The issues of civil liability of legal entities are in the focus of attention of many leading scientists of both the Soviet period and the present, and is one of the most comprehensively studied. Nevertheless, over time, despite the availability of fundamental research in this area, the issues of civil liability of legal entities are becoming more and more relevant, which causes significant problems, especially in the field of law enforcement practice.

This, of course, is an important factor determining the relevance of this topic. The article analyzes some current theoretical and legal issues of civil liability of an institution for its contractual obligations in accordance with the current civil legislation of the Republic of Kazakhstan. The article also discusses the main trends of civil liability of institutions in the system of non-profit organizations and ways to solve some legal problems.

Keywords: *legal entity, institution, right of operational management, civil liability, obligation, performance of an obligation, liability for breach of an obligation, monetary liability, non-profit organization, legal status of non-profit organizations.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2021_66_3_53

Kipicne

Тәжірибе көрсетіп отырғандай елімізде нарықтық экономиканың қарқынды дамуына байланысты коммерциялық емес ұйымдар да міндеттемелік қатынастардың белсенді субъектілердің бірі ретінде кең таныла бастады. Осыған байланысты коммерциялық емес ұйымдардың мүліктік жауапкершілігіне яғни, азаматтық шарттар бойынша өздеріне алған міндеттемелерді орындамауына немесе оларды тиісінше орындамауына қатысты мәселелер жиі орын алып жатады. Ал бұл өз кезегінде коммерциялық емес ұйымдардың қатысуымен болатын мүліктік жауапкершілікке байланысты дауларды сотта қарағанда құқық қолдану саласына аса қолайсыздық тудыратыны белгілі. Аталған салада жағдайдың бұлай қалыптасуының басты себептерінің бірі әрине, кейбір жеке-леген азаматтық заңдардың мазмұндық сапасының осал болуымен байланысты.

Осы орайда, алдымен мәселені коммерциялық емес ұйым болып табылатын мекемеден бастадық [1, с. 1].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (ары қарай ҚР АҚ) 105-бабының 1-тармағына сәйкес, басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы функцияларды жүзеге асыру үшін өзінің құрылтайшысы құрған және қаржыландыратын ұйым, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық

актілерінде өзгеше көзделмесе, мекеме деп танылады.

Әдістер мен материалдар

Осы мақалада көзделген мақсаттараға қол жеткізу үшін жалпы және жеке әдістер пайдаланылды. Сәйкесінше, жалпы ғылыми әдістер: талдау, синтез, индукция, дедукция сипатында қолданыс тапты. Сондай-ақ мақалада келесі жеке құқықтық әдістер қолданылды: салыстырмалы-құқықтық, құқықтық-догматикалық, тарихи-құқықтық. Нақты салыстырмалы-құқықтық әдісті қолдану арқылы мекемелердің құқықтық жағдайын айқындайтын Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамалары мен шетелдік мемлекеттердің осыған сәйкес заңнамаларына салыстырмалы талдаулар жасалынды.

Нәтижелер

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес коммерциялық емес ұйым болып табылатын мекеменің шарттық міндеттемелері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне қатысты кейбір өзекті құқықтық-теориялық мәселелер сараланып, жалпы коммерциялық емес ұйымдар жүйесіндегі осы мекемелердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің негізгі үрдістері мен кейбір тәжірибелік сипатқа ие нақты құқықтық мәселелерді ше-

шудің амалдары мен жолдарына, әдістеріне, яғни құқықтық реттеудің жаңа баламаларын ұсыну арқылы нәтижеге қол жеткізілді.

Талқылаулар

Мекеме кез-келген заңды тұлғалар сияқты өзінің міндеттемелері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің субъектісі болып танылады, мұндай ереже ҚР АҚ 44-бабының 1 тармағында қарастырылған, яғни аталған бапқа сәйкес, мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған жағдайда мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшысы жауаптылықта болады.

Жоғарыда аталған норма мекемелер мен мемлекеттік мекемелердің құрылтайшыларының мекемеде ақша жеткіліксіз болғанда оның міндеттемелері бойынша азаматтық жауапкершіліктің қандай түріне тартылатындығы, яғни, ортақ па, субсидиялық па немесе қосымша ма, нақты айқындамайды.

Алайда, керісінше, мемлекеттік мекеменің жауаптылығын айқындайтын «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 165-бабы мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекеменің қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді және мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады деп нақты қарастырады.

Кезінде осы мәселе тұрғысында С.Н. Братусь, егер несие берушінің алдында мекеменің борыштары өтелмесе ол үшін үшін мемлекетті жауапқа тартуға болмайды, себебі, мекеменің ағымдағы шотына кезекті қаржы келіп түскенге дейін тиісті борышқор болып тек мекеменің өзі танылуы тиіс [2, с. 206-207] деген-ді. Басқаша айтқанда, автордың пайымдауынша міндеттеме бойынша жауапкершілік басқа тұлғаға өтпейді тек міндеттеменің орындалуы кейінге қалдырылады, ал бұл өз кезегінде, әрине мекеменің несие берушілерінің мүддесіне қайшы келетіні сөзсіз.

Алайда, кеңес дәуірі кезінде «жеке меншік мекеме» деген ұғымның мүлдем болмағандығын, яғни, тек мемлекеттік мекеме деген ұғымның ғана болғанын ескергеніміз жөн.

С.Н. Братусьтің осы жоғарыды айтылған

пікірін А.В. Венедиктов орынды деп тауып, бюджеттік мекемелердің борыштары үшін мемлекет пен жергілікті органдар азаматтық-құқықтық, яғни, субсидиялық жауапкершілік белгілеуге болмайды деген тұжырымға келіп, автор өз тарапынан шаруашылық жүргізу есебіндегі және бюджеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша жауапкершілік әкімшілік-құқықтық тәртіпте болатындығы жайлы айтқан болатын-ды [3, с.146].

Демек, С.Н. Братусь пен А.В. Венедиктовтің бұл көзқарасы өзінің өзектілігін осы күнге дейін жоғалтқан жоқ деп айтуға толық негіз бар. Мәселен, сот тәжірибесінде, әсіресе, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша тиісті жауапкерді анықтау үшін бір ғана емес, бір топ мемлекеттік органдарды жауапкер ретінде іске қатыстыруға келетін жағдайлар да орын алып жатады. Мұны, әрине, қалыпты жағдай деп қарастыруға болмас. Себебі, осының нәтижесінде, сот мекеменің жауапкершілігіне қатысты істің маңызды мән жайлары қарастырудың орнына, керісінше, қандай мемлекеттік орган мекеменің мүлкінің меншік иесінің өкілі болып табылатындығы жайлы анықтамалар жасауына мәжбүр болады. Сол себептен де, әуел бастан-ақ, яғни азаматтық істі қозғау сатысының өзінде, іс бойынша тиісті жауапкерді дұрыс анықтаудың үлкен тәжірибелік және процессуалдық маңызы бар екендігі дәлелдеуді қажет етпесі сөзсіз [1, с. 91].

Біздіңше, мемлекеттік емес мекеменің, яғни мекеменің азаматтық жауапкершіліктің нақты қандай түріне тартылатындығы айқындамауының елеулі құқықтық маңызы мен салдары барын жоққа шығаруға болмайды, әсіресе бұл мекемелердің міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамауына байланысты дау туындаған кезде мекеменің несие берушісінің мекеменің мүлкінің меншік иесіне талап қоюының тәртібін анықтау үшін аса қажет әрі маңызды деп санаймыз. Сондықтан да, біздер ҚР АҚ 44-бабының 1 тармағының 2 және 4 бөліктеріне тиісті толықтырулар енгізу арқылы мекемелер мен мемлекеттік мекемелердің құрылтайшылары үшін мекемеде ақша жеткіліксіз болғанда, оның міндеттемелері бойынша ҚР АҚ 357-бабының 1 тармағының 2 бөлігінде қарастырылғандай нақты жауапкершілік түрі мен шегін белгілеген орынды деп білеміз. Себебі, аталған нормаға сәйкес, негізгі борышқор, яғни мекеменің несие берушінің талабын қанағаттандырудан бас

тартса, не болмаса оны толық орындамаса немесе несие беруші одан қойылған талапқа ақылға қонымды мерзімде жауап алмаса, бұл талаптың орындалмаған бөлігі азаматтық жауапкершілік түрін ескере отырып мекемелердің құрылтайшыларына қойылуы тиіс.

Сәл тарихқа көз жүгіртер болсақ, мәселен 1998 жылдың 16 желтоқсанда қабылданған Заңға сәйкес, енгізілген өзгертулер мен толықтырулар нәтижесінде ҚР АҚ 206-бабының 1 тармағының 2 бөлігі алынып тасталынған болатын, нәтижесінде, барлық мекемелер табыс келтіретін қызмет түрлерін жүзеге асыруға және осының нәтижесінде тапқан табыстарға олардың дербес билік ету құқығына шек қойылған болатын.

Алайда, отандық автор, М.К. Сүлейменов мекемені пайда келтіретін қызметінен түскен табыстарға дербес билік ету құқығын айыру өрескел қате [4, с.26] деп санайды.

Ал Н.В. Козлова, жария заңды тұлғалардың кәсіпкерлікпен немесе өзге де табыс келтіретін қызмет түрімен айналысу мүмкіндігін, соның ішінде коммерциялық заңды тұлғалар құру жағдайларын толығымен шектеу қажет деп санайды. Сондай-ақ, автор, - жария құқықтың субъектісі болып табылатын мемлекеттік мекемелерді тиісті жария-құқықтық құрылымның атынан жасаған әрекеттері үшін өз билігіндегі ақшамен дербесмүліктік жауапкершілікке тарту жағдайын, тіпті мекеменің мүлкінің меншік иесінің субсидиялық жауапкершілікте болатындығына қарамастан негізсіз [5 с.285] деп табады.

Біздіңше, Н.В. Козлованың, бұл пікірі шындыққа жақын, өйткені, осы пікірден кейін оралымды басқару құқығын ресми қарастырған, ҚР АҚ 202-бабының құқықтық мүмкіндігіне күдікпен қарауға тура келеді, себебі аталған заттық құқықтың шынайы құқықтық мәні мен мүмкіндігі тым шектеулі екендігіне көз жеткізгендей боласың.

Ал қазақстандық автор У.М. Стамқұловтың пікірінше, оралымды басқару құқығын жүзеге асырудың шегі мына жағдайларымен, яғни, заң актілерімен, мекеменің қызмет мақсатына байланысты, меншік иесінің тапсырмасымен, сондай-ақ мекеменің мүлкімен мақсатымен айқындалуы мүмкін [6, с.97]. Демек, мекеменің, мемлекеттік мекеменің, қазыналық кәсіпорындардың заттық құқығы болып, танылатын оралымды басқару құқығының, әсіресе, азаматтық құқықтық жауапкершілікке қатысты мүмкіндігін ұтымды деп бағалауға болмайды.

Себебі, оралымды басқару құқығы қазіргі жағдайында мекемені нарықтың дербес қатысушысы ретінде қарастыруға толық мүмкіндік тудырып отырған жоқ, және де заңды тұлға ретінде мекеменің азаматтық айналым қабілетін айтарлықтай шектеп отыр деп бағалаймыз.

Мәселен, Н.Р. Иванова, мекемелер мүлкі шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар сияқты өз борыштары үшін өзінетіесілі барлық мүлкімен жауап беруі тиіс [7, с.74] деп санайды.

Ал С.С. Алексеев, тұлғалар үшін тауар айналымына қатысу мүмкіндігі тек олардың өз еркімен тауарға билік ету мүмкіндігі болған ретте ғана туындайды [8, с. 56] деп санайды. Демек, азаматтық айналымда заңды тұлғалар үшін мүлікке билік ету құқығының маңызы орасан зор деп айтуға болады.

Ал А.В. Коновалов, заңнама жүзінде мекемелердің мүлікке билік ету құқығын мүлдем шектеуге болмайды, өйткені, бұл заңды тұлға ретінде мекеменің құқық қабілеттігін негізсіз тарылту болып табылады және аталған жағдай, әсіресе құрылтайшысы мемлекет болып табылмайтын мекемелердің мүддесіне мүлдем қайшы келеді [9, с. 97] деп санайды.

Қазақстанда, дегенмен, мекемелер табыс келтіретін қызмет түрлерін жүзеге асу мүмкіндігінен мүлдем айырылған жоқ, оған аталған мүмкіндіктердің қазір Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңның 33-бабында, яғни, коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады деп қарастырғандығы дәлел бола алады.

Ал Д.В. Мухоморов, мекеме өзінің негізгі қызметі нәтижесінде пайда болған міндеттемелер бойынша оған смета бойынша бөлініп берілген ақша қаражаттарымен жауап беруі тиіс және де табыс келтіретін қызмет салдарынан туындаған міндеттемелері бойынша осы табыс келтіретін қызмет нәтижесінде алынған барлық мүлкімен жауап беруі тиіс [10, с. 105.] деген ұжырым жасайды.

Сондай-ақ, осы тұрғысында Ю.Г. Лескова да, мекеменің әрекеттерінің қайсысы негізгі, ал қайсысы табыс келтіретін қызмет болып табылатындығын анықтау іс жүзінде айтарлықтай қиындық тудыруы мүмкін деген ой айтады. [11, с. 19.]

Ал кейбір авторлар, мәселен, В.А. Дозорцев «негізгі қызмет» деген ұғымның баға беру сипатында болатындығына назар аударғандығын көрсетіп, мекеменің қызмет

түрін ажыратуға негіз боларлықтай заңнамаларда нақты белгілердің болмауына байланысты оны анықтау мүмкін емес деген, осы жоғарыда аталған авторлардың ұстанымдарына жүгініп, мекеменің бір ғана қызмет түрі әрі қоғамдық игілікті әрі табыс келтіруді көздеуі мүмкін [12, с.118] екендігіне сілтеме жасайды.

Біздіңше, мекеменің негізгі қызмет түрін анықтаудың басты амалдарының бірі болып, біріншіден - мекеменің көрсеткен кез-келген ақылы негіздегі қызметтерінен басқасының бәрі танылуы мүмкін; екіншіден - мекеменің табыс келтіруге бағытталған рұхсат етілген қызметтерінен басқасының бәрі мекеменің негізгі қызметі болып танылуы тиіс.

Мысалы, Д.Б.Крахмалев [13, с.85] мекемені тек қаржылай жауапкершілікке ғана емес сондай-ақ мүліктік жауапкершілікке де тартуға болады деп санайды. Бұл ретте, автордың ұстанымы мекеменің мүліктік жауапкершілігі оның пайда келтіруді көздейтін рұхсат етілген қызмет нәтижесінде тапқан мүліктерінің шегінде болатындығына негізделген.

Біздіңше, Д.Б.Крахмалевтің бұл көзқарасын мүлдем орынсыз деп қарастыруға негіз жоқ себебі, осыған ұқсас жауапкершілік нысандары мекемелердің кейбір түрлері үшін заңмен тікелей қарастырылып кеткен-ді. Біздіңше, әрине мұндай ереже мекеменің құқықтық табиғатына, яғни, коммерциялық емес ұйым ретінде оның мүлікінің құқықтық режиміне, сондай-ақ қазіргі кезде қалыптасқан жалпы оралымды басқару құқығы концепциясына мүлдем қиянат жасайды деп санаймыз.

ҚР АҚ 110-бабының 2 тармағына сәйкес, өзгеде коммерциялық емес ұйымдар сияқты мекемелерде заңды тұлғалардың қауымдастықтарына (одақтарына) өз еркімен бірігуге құқылы.

Сол сияқты Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жыл 16 қаңтардағы Заңының 18-бабы дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерін білдіру және қорғау мақсатында қауымдастықтар (одақтар) құра алады.

Коммерциялық емес ұйымдар осы ұйымдардың қауымдастықтарына (одақтарына) ерікті түрде біріге алады.

Қауымдастықтың (одақтың) мүшелері өзінің дербестігін және заңды тұлға құқықтарын сақтап қалатындығы жайлы қарастырады.

Демек, осы аталған норма ережесін мекемелерге де қатысты деп қарастыруға толық негіз бар, себебі, бұл норма мекемелердің қауымдастықтар (одақтар) құруына қандайда болмасын арнайы шектеулер қарастырып отырған жоқ.

Жалпы ережеге сәйкес қауымдастықтың (одақтың) мүлкі осы бірлестікке қатысушылардың салған ерікті салымдарынан және өзгеде мүліктерден құралады. Бірақ, қауымдастықтың (одақтың) құрылтайшыларының аталған мүлікке меншік құқығы сақталмайды, яғни мүлік қауымдастықтың (одақтың) жеке меншігінде де болады. Алайда, айта кету керек, мекемелер бұл субъективті құқықты жүзеге асыру барысында бірнеше қиындықтарға тап болуы мүмкін деп болжаймыз. Себебі, ҚР АҚ 206-бабының 1 тармағына сәйкес, мекеменің мемлекеттік мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оларға билік етуге құқықтары жоқ. Демек, мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлкіне меншік құқығының болмайтындығын ескерсек оның қауымдастыққа (одаққа) мүше болып кіруі кезінде жарна салу мәселесі заң тұрғысында Азаматтық кодексте де Коммерциялық емес ұйымдар туралы Заңда да, толық шешімін таппағандығына назар аударғымыз келеді. Сондықтан да, құқықтық тұрғыдан алғанда, бұл проблема шешуші рөл атқаратыны айтпасада түсінікті.

Қорытынды

ҚР АҚ 33-бабының 1 тармағы заңды тұлғаның мынадай міндетті төрт белгісін қарастырады: 1) ұйымдық бірлік; 2) мүліктің оқшаулануы; 3) дербес мүліктік жауапкершілік; 4) азаматтық айналымға өз атынан қатысуы. Демек, мүліктік қатынастарға қатысудың міндетті шарты заңды тұлғада белгілі бір мүліктің болуы болып табылады. Бұл ретте бұл мүлік басқа ұйымдардың мүлкінен, оның ішінде олардың құрылтайшыларының мүлкінен оқшау болуға тиіс. Заңды тұлға мүлкінің оқшаулығын оның балансының (сметасының) дербестігі, банкте шотының болуы арқылы куәландырады. Ал жеке мүліктік жауапкершілік заңды тұлғаның белгісі ретінде оның мүліктік оқшаулануының салдары болып табылады. Жалпы ереже бойынша заңды тұлға өзінің борыштары бойынша өзіне тиесілі мүлікпен жауап беруге міндетті. Заңды тұлғаның құрылтайшылары мен қатысушылары, соның ішін-

де оның мүлкінің меншік иелері заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал заңды тұлға құрылтайшылардың, қатысушылар мен меншік иелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Алайда, Азаматтық кодексте немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көзделген жағдайларда бұл ережеден өзгеше жауапкершілік негіздері мен тәртіптері көзделуі мүмкін. Мәселен, мекемелер мен мемлекеттік мекемелердің, қазыналық кәсіпорынның міндеттемелері бойынша оның қаржысы жеткіліксіз болған жағдайда аталған заңды тұлғалардың құрылтайшысы немесе олардың мүлкінің меншік иесі жауап береді.

Біздіңше, мемлекеттік емес мекеменің, яғни мекеменің азаматтық жауапкершіліктің нақты қандай түріне тартылатындығы айқындамауының елеулі құқықтық маңызы мен салдары барын жоққа шығаруға болмайды, әсіресе бұл мекемелердің міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамауына байланысты дау туындаған кезде мекеменің несие берушісінің мекеменің мүлкінің меншік иесіне талап қоюының тәртібін анықтау үшін аса қажет әрі маңызды деп санаймыз. Сондықтан да, біздер ҚР АҚ 44-бабының 1 тармағының 2 және 4 бөліктеріне тиісті толықтырулар енгізу арқылы мекемелер мен мемлекеттік мекемелердің құрылтайшылары үшін мекемеде ақша жеткіліксіз болғанда, оның міндеттемелері бойынша ҚР АҚ 357-бабының 1 тармағының 2 бөлігінде қарастырылғандай нақты жауапкершілік түрі мен шегін белгілеген орынды деп білеміз. Себебі, аталған нормаға сәйкес, негізгі борышқор, яғни мекеменің несие берушінің талабын қанағаттандырудан бас тартса, не болмаса оны толық орындамаса немесе несие беруші одан қойылған талапқа ақылға қонымды мерзімде жауап алмаса, бұл талаптың орындалмаған бөлігі азаматтық жауапкершілік түрін ескере отырып мекемелердің құрылтайшыларына қойылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жыл 16 қаңтардағы Заңының 18-бабы дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерін білдіру және қорғау мақсатында қауымдастықтар (одақтар) құра алады.

Коммерциялық емес ұйымдар осы ұйымдардың қауымдастықтарына (одақтары-

на) ерікті түрде біріге алады.

Қауымдастықтың (одақтың) мүшелері өзінің дербестігін және заңды тұлға құқықтарын сақтап қалатындығы жайлы қарастырады.

Демек, осы аталған норма ережесін мекемелерге де қатысты деп қарастыруға толық негіз бар, себебі, бұл норма мекемелердің қауымдастықтар (одақтар) құруына қандайда болмасын арнайы шектеулер қарастырып отырған жоқ.

Жалпы ережеге сәйкес қауымдастықтың (одақтың) мүлкі осы бірлестікке қатысушылардың салған ерікті салымдарынан және өзгеде мүліктерден құралады. Бірақ, қауымдастықтың (одақтың) құрылтайшыларының аталған мүлікке меншік құқығы сақталмайды, яғни мүлік қауымдастықтың (одақтың) жеке меншігінде де болады. Алайда, айта кету керек, мекемелер бұл субъективті құқықты жүзеге асыру барысында бірнеше қиындықтарға тап болуы мүмкін деп болжаймыз. Себебі, ҚР АҚ 206-бабының 1 тармағына сәйкес, мекеменің мемлекеттік мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оларға билік етуге құқықтары жоқ. Демек, мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлікке меншік құқығының болмайтындығын ескерсек оның қауымдастыққа (одаққа) мүше болып кіруі кезінде жарна салу мәселесі заң тұрғысында Азаматтық кодексте де Коммерциялық емес ұйымдар туралы Заңда да, толық шешімін таппағандығына назар аударғымыз келеді [1, с. 93].

Қорыта айтар болсақ қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларында мекемелер мен мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінде өзіндік ерекшеліктер мен әлі де болса өз шешімін таппай келе жатқан күрделі, құқықтық және теориялық проблемалардың бар екендігін осы мақала барысында айқын аңғаруға болады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығы қарсаңы алдында осы жоғарыда біздер қарастырып өткен азаматтық-құқықтық сипаттағы өзекті құқықтық проблемаларды шешудің маңызы айтарлықтай зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ынтымақов С.А. Мекеменің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне қатысты мәселелер // *Международный научно-общественный журнал «DOGMA»*. – 2020. – № 1(11); URL: journaldogma.esrae.ru/12-201 (дата обращения: 28.07.2021)
2. Братусь С.Н. Юридические лица в советском гражданском праве (понятие, виды, государственные юридические лица). - М.: Юридическое издательство министерства юстиции СССР. 1947.- 363 с.
3. Венедиктов А. В. Правовая природа государственных предприятий / Проф. А.В. Венедиктов. - 2-е изд. – Ленинград: Прибой, 1928 (госуд. тип.им. Евг. Соколовой). - 184 с.
4. Сулейменов М.К. Развитие гражданского законодательства в Гражданском кодексе Республики Казахстан/ «Развитие гражданского законодательства (состояние и перспективы его развития)»: материалы научно-теоретической конференции. – Астана, 22 февраля 1999 г.- 327 с.
5. Козлова Н.В. Понятие и сущность юридического лица. Очерки истории и теории: Учебное пособие.-М.: Статут, 2003. - 318 с.
6. Стамкулов У.М. Юридические лица: теория и современная концепция. – Караганда, 1999. –121 с.
7. Иванова Н.Р. Защита права собственности в арбитражном суде. - М.,: изд-во, 1999. - 296 с.
8. Алексеев С.С. Односторонние сделки в механизме гражданско-правового регулирования // *Антология уральской цивилистики. 1925-1998: Сборник статей*. – М. «Статут», 2001. – 431 с.
9. Коновалов А.В. Владение и владельческая защита в гражданском праве.- СПб.: «Юридический центр Пресс», 2017.- 299 с.
10. Мухоморов Д.В. Субсидиарная ответственность публичных образований по обязательствам, созданных ими учреждений // *Законодательство*. - 2002. - № 8. – С. 105-109.
11. Лескова Ю.Г. Некоторые особенности гражданско-правовой ответственности учреждений как юридических лиц. // *Юрист*. № 9. 2004. – С. 17-19.
12. Дозорцев В. А. Имущественная ответственность юридического лица // *Ученые записки. М. «ВНИИСЗ»*, 1973. – С. 118-135.
13. Крахмалев Д.Б. Высшие учебные заведения МВД России как юридические лица. Дисс. канд. юрид. наук. - М.,1998.–202 с.

REFERENCES

1. Yntymaqov S.A. Mekemenin azamattyq-quyqytyq zhauapkershiligine qatysty maseleler // *Mejdnarodnyi nauchno-obshhestvennyi jurnal «DOGMA»*. – 2020. – № 1(11); URL: journaldogma.esrae.ru/12-201 (data obrashenia: 28.07.2021).
2. Bratus' S.N. Juridicheskie lica v sovetskom grazhdanskom prave (ponjatie, vidy, gosudarstvennye juridicheskie lica). - M.: Juridicheskoe izdatel'stvo ministerstva justicii SSSR. 1947. - 363 s.
3. Venediktov A. V. Pravovaja priroda gosudarstvennyh predpriyatij / Prof. A. V. Venediktov. - 2-e izd. – Leningrad: Priboj, 1928 (gosud. tip. im. Evg. Sokolovoj). - 184 s.
4. Sulejmenov M.K. Razvitie grazhdanskogo zakonodatel'stva v Grazhdanskom kodekse Respubliki Kazahstan / «Razvitie grazhdanskogo zakonodatel'stva (sostojanie i perspektivy ego razvitija)»: materialy nauchno-teoreticheskoy konferencii. – Astana, 22 fevralja 1999 g. - 327 s.
5. Kozlova N.V. Ponjatie i sushhnost' juridicheskogo lica. Ocherk istorii i teorii: Uchebnoe posobie. - M.: Statut, 2003. - 318 s.
6. Stamkulov U.M. Juridicheskie lica: teorija i sovremennaja koncepcija. – Karaganda, 1999. – 121 s.
7. Ivanova N.R. Zashhita prava sobstvennosti v arbitrazhnom sude. - M.,: izd-vo, 1999. - 296 s.

8. Alekseev S.S. *Odnostoronnie sdelki v mehanizme grazhdansko-pravovogo regulirovanija* // *Antologija ural'skoj civilistiki. 1925-1998: Sbornik statej.* – M. «Statut», 2001. – 431 s.
9. Konovalov A.V. *Vladienie i vladel'cheskaja zashhita v grazhdanskom prave.* - SPb.: «Juridicheskij centr Press», 2017. - 299 s.
10. Muhomorov D.V. *Subsidiarnaja otvetstvennost' publichnyh obrazovanij po objazatel'stvam, sozdannyh imi uchrezhdenij* // *Zakonodatel'stvo.* - 2002. - № 8. – S. 105-109.
11. Leskova Ju.G. *Nekotorye osobennosti grazhdansko-pravovoj otvetstvennosti uchrezhdenij kak juridicheskikh lic.* // *Jurist.* № 9. 2004. – S. 17-19.
12. Dozorcev V. A. *Imushhestvennaja otvetstvennost' juridicheskogo lica* // *Uchenye zapiski. M. «VNIISZ», 1973.* – S. 118-135.
13. Krahmalev D.B. *Vysshie uchebnye zavedenie MVD Rossii kak juridicheskie lica. Diss. kand. jurid. nauk.* - M., 1998. – 202 s.

